



«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университетінің ректоры  
Ж. Темірбекова

05 2022ж.

## САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

### УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-040-2022


### УНИВЕРСИТЕТТІҢ ФАКУЛЬТЕТАРАЛЫҚ СПАРТАКИАДАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

#### АЛҒЫ СӨЗ

1. Спорттық-сауықтыру орталығымен **ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**
2. Әзірлеген – Спорттық-сауықтыру орталығының басшысы Е.Балғабаев
3. Келісілді – Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры А.Тұрғанбаев  
– Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов  
– Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы Қ.Тубеков  
– Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2022 ж.
5. Тексерілу мерзімі – 2024 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан



<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ -040-2022</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Университеттің факультетаралық спартакиадасының ережесі</b>		<b>10 беттің 2 ші беті</b>

## МАЗМҰНЫ

1	Қолдану саласы	3
2	Нормативті сілтемелер (сілтемелік құжаттар)	3
3	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	3
4	Негізгі мақсаттар мен міндеттер	3
5	Жалпы ережелер	4
6	Жауапкершілік	5
7	Құрылымдылық бөлімшелермен әрекеттесу	5
8	Өзгерістерді енгізу тәртібі	5
9	Келісу, сақтау және тарату	6
	Қосымшалар	
	Қосымша А. Танысу парағы	7
	Қосымша Б. Өзгерістерді тіркеу парағы	8
	Қосымша В. Жарыс ережесінің үлгісі	9
	Қосымша Г. Жарысқа қатысатын команданың тапсырыс үлгісі	10

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ -040-2022</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Университеттің факультетаралық спартакиадасының ережесі</b>		<b>10 беттің 3 ші беті</b>

## **1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

1.1 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (әрі қарай университет) студенттерден және оқытушы-профессорлар мен қызметкерлерден бірнеше спорт түрлері бойынша университет құрама командасын жасақтап, факультетаралық спартакиада өткізу және жеңімпаздарды марапаттау негіздерін анықтайды.

1.2 Ереже салауатты өмір салтын студенттер, оқытушы-профессорлар мен қызметкерлер арасында кеңінен насихаттауда негізгі құрал болып табылады.

1.3. Осы Ереже университет ректорының бұйрығымен бекітілген қызметтегі университеттің барлық құрылымдық бөлімдеріне ендіріледі.

## **2. НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР (СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР)**

2.1 Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктері туралы заңдарын, Қазақстан Республикасының қазіргі күшіндегі басқа заңдары мен нормативтік актілерін, Қазақстан Республикасы университеттерінің Ұлттық-спорттық одақ Жарғысын, университет Жарғысын, осы Ереже мен университет ректорының бұйрықтарын басшылыққа алады.

## **3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР**

Бұл ережедегі пайдаланылған терминдер және анықтамалар;  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

ҚР – Қазақстан Республикасы;

СМЖ – Сапа менеджментінің жүйесі

СРСО- Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығы

## **4. НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР**

4.1 Салауатты өмір салтын студенттер, оқытушы-профессорлар мен қызметкерлер арасында кеңінен насихаттау;

4.2 Спорттық іс-шараларды өткізу арқылы білімгерлер мен қызметкерлерді Отансүйгіштікке және адамгершілікке тәрбиелеу;

4.3 Студенттер мен оқытушы-профессорлар және қызметкерлердің спортқа деген қызығушылығын артырып денсаулығын нығайту;

4.4 Студенттерден және оқытушы-профессорлар мен қызметкерлерден бірнеше спорт түрлері бойынша университет құрама командасын жасақтау.

## **5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

5.1 Жарысты ұйымдастыру алқасының мәжілістері №3 оқу ғимаратында спорттық-сауықтыру орталығында өткізіледі.

5.2 Жарысқа Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің күндізгі бөлім студенттері мен магистранттары, оқытушы-профессорлар құрамы және қызметкерлер қатыса алады жіберіледі. Ойыншыға сенімсіздік туындаған жағдайда әр

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ -040-2022</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Университеттің факультетаралық спартакиадасының ережесі</b>		<b>10 беттің 4 ші беті</b>

студент логин, паролымен платонус арқылы көрсету немесе жұмыс орны анықтамасын алып көрсетуге міндетті. Ойыншы өзінің факультетте оқитындығын немесе жұмыс істейтіндігін дәлелдейтін құжаттары болмаған жағдайда сол құрама команда ойыннан шеттетіледі).

5.3 Барлық жарысқа қатысушы команда мүшелері спорттық формада болуы міндетті. Жарыс кезінде ойыншылар бір түсті, команда аты жазылған спорттық киімде (формада) болуы тиіс.

5.4 Жарысқа қатысушы командалар: Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті, Медицина факультеті, Стоматология факультеті, Кентау институты (*Дайындық орталығы, Инженерия факультеті*), Жаратылыстану ғылымдары факультеті, Филология факультеті, Экономика басқару және құқық факультеті, Теология факультеті, Спорт және өнер факультеті, «Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби» колледжі

5.5 Жарыс болар алдында факультет деканы, Кентау институты, колледж директоры және дәрігердің қолы, мөрі қойылған тапсырысты төрешілер алқасына тапсыру міндетті (Тапсырыс берілмеген жағдайда команда ойынға жіберілмейді).

5.6 Жарыс жеребе бойынша 3 топқа бөлінеді. Әр топта 3 командадан орналасады. Топ ішінен 3-орын алған командалар 7-9- орындарға жарысқа түседі, 2- орын иеленген командалар 4-6- орындар үшін, 1- орын иеленген командалар, 1-3 орындар үшін жарысқа түседі.

5.7 Жарыстың ашылуы мен марапаттау салтанатына әр командадан 10 қатысушы бір түсті, команда аты жазылған спорттық киіммен және кемінде 20 жанкүйерлермен қамтамасыз ету факультет декандарына жүктеледі.

5.8 Жүзу бассейніндегі жарысқа қатысушы спортшылар үшін арнайы суда жүзу киімімен (ауыспалы киімдерімен, шапка) келуі міндетті.

5.9 Студенттердің жарыс кезіндегі жалпы тәртібін қадағалау факультеттердің декан орынбасарлары мен топ тәлімгерлеріне жүктеледі. (Төрешіге бағынбай, тәртіп бұзған құрама команда ойыннан шеттетіледі).

5.10 Наразылық хат ойыннан соң 1 сағат ішінде қабылданады.

5.11 Спартакиада барысында салтанатты ашылу рәсімі және салтанатты марапаттау рәсімі спорттық-сауықтыру орталығы тарапынан ұйымдастырылады.

5.12 Жеңімпаз және жүлдегер командалар университет тарапынан дипломдар мен медальдар және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

5.13 Жарыс түрлері бойынша рәсімдеу үлгісі мен жарысқа қатысушы факультеттердің тапсырыс рәсімдеу үлгілері В, Г қосымшаларына сәйкес іске асырылады.

## **6 ЖАУАПКЕРШІЛІК**

6.1 Спорттық-сауықтыру орталығы жарыстарын сапалы ұйымдастыру және өткізу;

6.2 Спорт залдарындағы спорттық құрал-жабдықтары үшін;

6.3 Спорт залдары мен спорт алаңдарының санитарлық-гигиеналық жағдайын сақтау;

6.4 Техника қауіпсіздігі ережелерін бұзбау;

6.5 Жарыстарды өткізу барысында тәртіпті бақылау;

6.6 Жарақат алған спортшыларға көмек көрсету барысында медицина қызметкерлеріне демеу болу;

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ -040-2022</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Университеттің факультетаралық спартакиадасының ережесі</b>		<b>10 беттің 5 ші беті</b>

- 6.7 Ішкі еңбек тәртібі ережесін бұзбау;
- 6.8 Мәліметтердің құпиялығын сақтау;
- 6.9 Спорттық-сауықтыру орталығы қызметкерлерінің өз қызметтік міндеттерін орындауы үшін;
- 6.10 Спорттық-сауықтыру орталығының міндеттерін орындау барысында ҚР «Еңбек Кодексінде» көрсетілген өзге бұзушылықтарға жол бермеу.

## **7 ҚҰРЫЛЫМДЫЛЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРМЕН ӘРЕКЕТТЕСУ**

7.1 Университеттің осы ережесі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры тарапынан бекітіледі.

7.2 Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне жастар саясаты департаментінің директоры және әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры жауапты болып табылады.

7.3 Спорттық-сауықтыру орталығы материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету жөнінен жауапты хатшымен бірлесе қызмет атқарады.

7.4 Спорттық-сауықтыру орталығы құқықтық мәселелері университет заңгерімен бірге шешіледі.

7.5 Спорттық-сауықтыру орталығы спортшы-студенттерді жарысқа қатыстыратын факультет декандарымен бірлесе қызмет атқарады.

7.6 Спорттық-сауықтыру орталығы жарысты өткізуге қызмет жасауға міндетті медициналық амбулаториямен тығыз байланыста жұмыс жүргізеді.

7.7 Спорттық-сауықтыру орталығы «Дене тәрбиесі» және «Дене мәдениеті» кафедраларының меңгерушілерімен өзара бірлестікте жұмыс жүргізеді;

7.8 Спорттық-сауықтыру орталығы Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректорымен өзара бірлестікте жұмыс жүргізеді.

7.9 Спорттық-сауықтыру орталығы Адам ресурстарын басқару бөлімімен өзара қызметтестікте жұмыс жүргізеді.

7.10 Спорттық-сауықтыру орталығы Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының бірлесіп жүргізеді.

## **8. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ**

8.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу Халықаралық қазақ-түрік университетінің СМЖ құжаттарына енгізілген өзгерістерге сәйкес жүзеге асады (Қосымша Б.).

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ -040-2022</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Университеттің факультетаралық спартакиадасының ережесі</b>		<b>10 беттің 6 шы беті</b>

## 9 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

9.1 Осы университет ережесін талқылау және келісу Сенат мәжілісі отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

9.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі спорттық-сауықтыру орталығынң басшысына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адресстер бойынша жіберіледі: Кентау институты, колледж және факультеттерге.

9.3 Осы университет ережесінің бақылау данасы СРСО-ға сақтауға беріледі.

### КЕЛІСІЛДІ

Әлеуметтік-мәдени даму  
вице-ректоры

А.Тұрғанбаев

Заң бөлімінің басшысы

Г.Мусаханов

Адам ресурстарын басқару  
бөлімінің басшысы

Қ.Тубеков

Стратегиялық даму, рейтинг,  
комплаенс бақылау және сапа  
орталығының басшысы

Ж.Дарибаев





<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ -040-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университеттің факультетаралық спартакиадасының ережесі		10 беттің 9 шы беті

ҚОСЫМША В

Жарыс түрлері бойынша ереже үлгісі

**«КЕЛІСІЛГЕН»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университетінің Әлеуметтік мәдени  
даму вице-ректоры

«    »    2022ж.

**«БЕКІТЕМІН»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университетінің ректоры

«    »    2022ж.

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің  
30 жылдығына арналған студенттер арасындағы факультетаралық  
XXXI-ші дәстүрлі спартакиадасының  
спорттық жарыс түрлерінен ЕРЕЖЕ**

**1. ХҚТУ факультет аралық спартакиадасының мақсаты мен міндеті:**

**2. Өткізілетін жарыс түрлері мен орны және уақыты**

№	Спорт түрлері	Ойыншы саны	Өткізілетін орны	Мерзімі	Жауаптылар
1					
2					
3					
4					
5					
6					

**3 Ескерту**

**4 Жауапкершілік**

**5 Жарыстың ашылу және марапаттау салтанаты**

**6 Жарысқа қатысушы командалар**

**Жарысты ұйымдастырып өткізуге жауаптылар**

**Спорттық-сауықтыру орталығының басшысы:**

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ -040-2022</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Университеттің факультетаралық спартакиадасының ережесі</b>		<b>10 беттің 10 шы беті</b>

**ҚОСЫМША Г**

Тапсырыс үлгісі

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің  
 30 жылдығына арналған студенттер арасындағы факультетаралық  
 XXXI-ші дәстүрлі спартакиадасындағы  
 волейбол спорт түріне қатысатын «Медицина» факультетінің  
 ТАПСЫРЫСЫ**

Волейбол (ерлер)

<b>№</b>	<b>Аты – жөні</b>	<b>Қызметі, мамандығы</b>	<b>Дәрігердің рұқсаты</b>
1			
2			
3			
4			
5			
6			
7			
8			
9			
10			

**«Медицина» факультетінің  
 деканы:**

\_\_\_\_\_ Қолы

\_\_\_\_\_ Аты-жөні

**Дәрігер:**

\_\_\_\_\_ Қолы

\_\_\_\_\_ Аты-жөні